

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының байқау кеңестерінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 68 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» және «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының байқау кеңестерінің құрамына Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловты қосуды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	